



ҚАУЛЫ

2022 жылғы 7 ақпан

Нұр-Сұлтан қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

502 - 274

Город Нур-Султан

«AstanaInvest»
қалалық инвестицияларды
дамыту орталығы» жауапкершілігі
шектеулі серіктестігін арнайы
экономикалық аймақтардың
басқарушы компаниясы етіп
белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «AstanaInvest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – серіктестік) «Астана – Технополис» және «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймақтарының басқарушы компаниясы болып белгіленсін.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі серіктестікті басқару жөніндегі уәкілетті орган болып белгіленсін.

3. «Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі және серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Е.О. Бекмырзаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы 2022 жылдың 1 наурызынан бастап күшіне енеді.

Әкім

«Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» ММ
Мемлекеттік-құқықтық бөлімі

А. Көлгінов

Нұр-Сұлтан қаласы
әкімдігінің және әкімінің актілері үшін

0029351



ҚАУЛЫ

4 февраль 2022 года
Нұр-Сұлтан қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

502 - 274

город Нур-Султан

**Об определении товарищества
с ограниченной ответственностью
«Городской центр развития инвестиций
«AstanaInvest» управляющей
компанией специальных
экономических зон**

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», статьей 38 Закона Республики Казахстан «О специальных экономических и индустриальных зонах», акимат города Нур-Султан **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Определить товарищество с ограниченной ответственностью «Городской центр развития инвестиций «AstanaInvest» (далее – товарищество) управляющей компанией специальных экономических зон «Астана – Технополис» и «Астана – новый город».
2. Определить уполномоченным органом по управлению товариществом Государственное учреждение «Управление по инвестициям и развитию предпринимательства города Нур-Султан».
3. Государственному учреждению «Управление по инвестициям и развитию предпринимательства города Нур-Султан» и товариществу в установленном законодательством Республики Казахстан порядке принять необходимые меры, вытекающие из настоящего постановления.
4. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Нур-Султан Бекмурзаева Е.О.
5. Настоящее постановление вступает в силу с 1 марта 2022 года.

Аким

А. Кульгинов

«Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» ММ
Мемлекеттік-құқықтық бөлімі

Нұр-Сұлтан қаласы
әкімдігінің және әкімінің актілері үшін